

**«Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы  
хабарлама**

Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Гагарин д-лы 135 ж мекен-жайында орналасқан «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) Директорлар Кеңесі **2012 жылғы «17» сәуірде** өткен отырысында Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады.

Банк акционерлерінің жалпы жиналысы **2012 жылы «18» мамырда** Алматы уақыты бойынша **11 сағат 00 минутта** мына мекен-жайда өтеді: **Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34.** Банк акционерлерін тіркеу **2012 жылғы «18» мамырда** 10 сағат 30 минутта басталады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өтпеген деп танылған жағдайда, акционерлердің екінші жалпы жиналысы **2012 жылғы «21» мамырда** 11 сағат 00 минутта мына мекен-жайда өтеді: Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34. Банк акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесінің мәліметтері негізінде **2012 жылғы «18» сәуірдегі** жағдай бойынша жасалады.

**Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі:**

- (1) Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
- (2) Банктің 2011 жылғы қызметінің қорытындысы бойынша Басқарма Есебін бекіту.
- (3) Банктің 2011 жыл бойынша аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
- (4) Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу күнін анықтау.
- (5) Банктің 2011 жылғы таза табысын үлестіру тәртібін анықтау:
  - 5.1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы мәселені шешу;
  - 5.2. Банктің резервтік капиталының көлемін анықтау;
  - 5.3. Банктің 2011 жылғы таза табысын үлестіру.
- (6) Банктің сыртқы аудиторын анықтау.
- (7) Банктің Директорлар Кеңесі құрамындағы өзгерістер:
  - 7.1. Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директордың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 7.2. Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін – тәуелсіз директорды сайлау.
- (8) Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі – тәуелсіз директордың сыйақы мөлшерін бекіту.
- (9) Акционерлерді Банктің Директорлар Кеңесі мен Басқарма Мүшелерінің 2011 жылғы сыйақысының құрамы мен мөлшері туралы ақпараттандыру.
- (10) Жаңа редакциядағы «Казкоммерцбанк» АҚ Жарғысын бекіту.
- (11) «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар Кеңесі туралы Ережеге № 1 Өзгертулерді бекіту.
- (12) Акционерлердің қоғамның және оның лауазымды қызметкерлерінің әрекеттеріне шағымдануы және оларды қараудың нәтижелері бойынша мәселені қарау.

Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтарына байланысты материалдар акционерлер назарына жиналыс өтетін күннен он күн бұрын ұсынылады. Қажетті ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 34, 313 - кабинет, телефон +7(727) 2 585 221

Банктің жай акциялары негізгі активтері болып табылатын акционерлер-депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар Банк Акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысына қатысу үшін **2012 жылғы «11» мамырға дейін The Bank of New York-ке** төмендегі мәліметтерді ұсынуы қажет:

- меншік иесі - жеке тұлғаның Т.А.Ә./меншік иесі – заңды тұлғаның атауы;
- акциялардың меншік иесінің азаматтығы берілген/тіркелген елі, акциялардың меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері;
- меншік иесіне тиесілі акциялардың саны;

- өз өкілінің Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына және Күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беруге қатысуына уәкілеттік беретін сенімхат.

Банк Акционерлерге төмендегілер туралы қосымша хабарлайды:

- (1) мәліметтері Қазақстанның Орталық депозитарийіндегі есепке алу жүйесіне енгізілмеген меншік иесіне тиесілі және номиналды ұстаудағы акциялар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес дауыс беруші акция ретінде танылмайды.
- (2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 5 және 5-1 тармақтарына сәйкес, Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі – «ҚҚА») Басқармасының 2008 жылғы 02 қазандағы №145 Қаулысымен бекітілген, банктік және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының қызметі және бағалы қағаздар нарығындағы басқа да лицензияланатын қызмет түрлері мақсатында, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі мен акционерлік инвестициялық қорлардың қызметі мақсатында, Оффшорлық аймақтар тізіміне енетін, оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалар немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген үлестес тұлғалары бар заңды тұлғалар немесе оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғалардың қатысушылары (құрылтайшылары, акционерлері) болып табылатын жеке тұлғалар Банк Акционерлерінің Жалпы жиналысына қатысуға жіберілмейді.

### **Байланысу үшін :**

Майра Сабурова, Корпоративтік хатшы  
тел.: +7 (727) 2 585-221, E-mail: [msaburova@kkb.kz](mailto:msaburova@kkb.kz)

Алма Буйракулова, Алия Нурсипатова, Инвесторлармен байланыс жөніндегі бөлім  
тел.: +7 (727) 2 585-125, E-mail: [investor\\_relations@kkb.kz](mailto:investor_relations@kkb.kz)

Лариса Коковинец, Қоғамдық байланыс департаментінің директоры  
тел.: +7 (727) 2 585-456, 2 585-392, E-mail: [pr@kkb.kz](mailto:pr@kkb.kz)

### **Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қысқаша ақпарат:**

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:** Банктің Директорлар Кеңесімен акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру барысында мақұлданған күн тәртібін бекіту ұсынылады.

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекен-жайда ұсынылады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 - 221.

**Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша:** материалдармен Банктің мына мекен-жайдағы сайтында танысуға болады: <http://ru.kkb.kz/page/FinancialReports>

**Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша:** жыл сайын Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің артықшылықты акциялары бойынша іс жүзінде дивидендтер төлеу күнін айқындайды. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивиденд мөлшері белгіленген болып табылады және Банк акцияларын шығару Проспектісінде көрсетілген (бір акцияға 0,04 доллар). Акционерлерге дивидендтерді төлеу басталатын күн ретінде **2012 жылғы 12 желтоқсанды**; Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні ретінде **2012 жылғы 12 қарашаны** белгілеу ұсынылады.

**Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша:**

#### **5.1. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жөніндегі мәселені шешу:**

Директорлар Кеңесі 2011 жылдың қорытындылары бойынша Банк акционерлеріне жай акциялар бойынша дивидендтерді төлемеуді ұсынады.

## **5.2. Банктің резервтік капиталының мөлшерін анықтау:**

Екінші деңгейдегі банктер үшін резервтік капиталдың ең төменгі мөлшері ҚҚА Басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 196 «Екінші деңгейдегі банктердің резервтік капиталының ең төменгі мөлшерін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес анықталады.

01.03.2012 жылғы жағдай бойынша Банктің резервтік капиталы **56 257 125 мың теңгені** құрайды. ҚҚА талаптарына сәйкес Банктің резервтік капиталын **2 348 000 мың теңге** сомасына толықтыру қажеттігі туындаған. Заңнамаға сәйкес банктердің резервтік капиталы банктердің таза кірісі есебінен құрылады, бұл ретте жоғарыда аталған соманы Банктің резервтік капиталын толықтыру есебіне жіберу Банктің меншікті капиталының мөлшеріне әсер етпейді, өйткені өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісі, сол сияқты таза кіріс есебінен қалыптастырылған резервтер Банктің меншікті капиталына қосылады. Жоғарыда айтылғандарды назарға ала отырып, акционерлерге Банктің резервтік капиталын өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісі есебінен **2 348 000 мың теңгеге** арттыру және резервтік капиталды **58 605 125 мың теңге** мөлшерінде белгілеу ұсынылады.

## **5.3. Банктің 2011 жыл бойынша таза кірісін үлестіру:**

2011 жыл бойынша Банк Тобының пайда сомасы **23,520 млн. теңгені** (Жиырма үш миллиард бес жүз жиырма миллион теңге) құрады. Банк және банктік конгломерат капиталының бірдейлігін қолдау үшін акционерлерге 2011 жыл бойынша таза кірісті өткен жылдардың үлестірілмеген таза кірісіне қосу арқылы капиталдау ұсынылады.

**Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша:** 2012, 2013 жылдарға (2012, 2013 жылдар үшін) Банктің және банктік конгломераттың сыртқы аудиторы ретінде «Делойт» ЖШС аудиторлық компаниясын қалдыру ұсынылады.

## **Күн тәртібінің жетінші мәселесі бойынша:**

### **7.1. Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директордың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату:**

Банк акционері – ЕДҚБ тарабынан Директорлар Кеңесіне жаңа тәуелсіз директорды сайлау жөнінде ұсыныс түсті. Банк Жарғысымен Директорлар кеңесінің ең көп құрамы 7 мүше болып анықталғанын және бүгінгі таңда барлық орындар толық екендігін, сондай-ақ ағымдағы сәтте ЕДҚБ ұсынысы бойынша Директорлар Кеңесіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға Г.Байске ханым ұсынылғанын назарға ала отырып, Банк акционерлеріне Г.Байске ханымның Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор ретіндегі уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау ұсынылады.

### **7.2. Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі – тәуелсіз директорды сайлау:**

7.1. тармағын ескере отырып тәуелсіз директоры қызметінің бос орнына Банк акционері – ЕДҚБ тарабынан Директорлар Кеңесіне Дмитрий Тулин мырзаны сайлау жөніндегі ұсыныс түсті. Тулин мырза, 1956 жылы туған, Ресей азаматы. Мәскеу қаржы институтының дипломына (1973-1978 жылдар) және КСРО Экономика және қаржы институтының экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесіне (1982-1985 жылдар) ие. 1978 жылдан бастап 1991 жылға дейін КСРО Мемлекеттік банкінде қызмет атқарып, аға экономист қызметінен Басқарма мүшесі лауазымына дейін жетті. 1991 жылдан 1994 жылға дейін және 2004 жылдан 2006 жылға дейін Ресей Федерациясының Орталық банкі Төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1994 жылдан 1996 жылға дейін РФ бойынша Халықаралық валюта қорының Атқарушы директоры; 1996 жылдан 1999 жылға дейін – Внешторгбанк Басқарма Төрағасы; 1999 жылдан 2004 жылға дейін – Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің Аға кеңесшісі болды. 2006 жылдан 2012 жылға дейін Deloitte CIS компаниясының серіктесі болып табылады. Сонымен қатар 1992 жылдан бастап 2004 жылға дейінгі жылдар аралығында бірқатар банктердің, өндірістік компаниялардың және зерттеу институттарының

Директорлар кеңесінің мүшесі болған (BCEN-Eurobank, Париж; Donau Bank, Вена; Ost-West Handelsbank, Франкфурт; Ресей коммерциялық банкі, Цюрих; Ресей коммерциялық банкі, Лимасол; Мәскеу халықаралық банкі, Мәскеу; Кубань Инвестициялық банкі, Краснодар; Bor Glassworks, Бор; GM-Avtovaz, Тольятти; Халықаралық қаржы институты, Вашингтон). Осыған қоса Ресей Федерациясының Орталық Банкі Төрағасының қарамағындағы кеңестік топтың және Қаржыгерлер гильдиясының (Ресей Қаржы министрінің басшылығындағы үкіметтік емес зерттеу орталығы) мүшесі болып табылады. Орыс, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген. Қаржы, банктік қадағалау, корпоративтік басқару және қаржы есептілігі бойынша бірқатар жарияланымдары бар.

Осылайша, Тулин мырза экономика, реттеу мен қадағалау, корпоративтік басқару және аудит саласындағы ауқымды тәжірибеге ие. Сонымен қатар, Банктің сыртқы аудиторы болып табылатын Делойт компаниясында жұмыс істей отырып, Тулин мырза Банк аудитіне аудитор ретінде қатыспайды және осыған дейін қатыспаған, осыған байланысты Тулин мырза тәуелсіз директордың Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген барлық өлшемдеріне сай келеді.

**Күн тәртібінің сегізінші мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекен-жайда ұсынылады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 - 221.

**Күн тәртібінің тоғызыншы мәселесі бойынша:** материалдар акционерлердің сұратуы бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде мына мекен-жайда ұсынылады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 313-кабинет, телефон +7 (727) 2 585 221.

**Күн тәртібінің оныншы мәселесі бойынша:** ҚР заңнамасына енгізілген өзгертулерге байланысты «Казкоммерцбанк» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту ұсынылады.

**Күн тәртібінің он бірінші мәселесі бойынша:** ҚР заңнамасына енгізілген өзгертулерге байланысты «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар Кеңесі туралы Ережеге № 1 Өзгертулерді бекіту ұсынылады.

**Күн тәртібінің он екінші мәселесі бойынша:** Банк акционерлері тарабынан 2011 жыл барысында қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты шағымдар түскен жоқ.

**Барлық мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі «Иә» деп дауыс беруді ұсынады.**